Издается с 20 декабря 1999 года

# Саран газеті

29 января
2025 года
СРЕДА
№ 9 (1713)

ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА




# Президент Касым-Жомарт Токаев принял председателя Национального банка Тимура Сулейменова

akorda.kz

***Глава государства заслушал отчет об итогах реализации Национальным банком денежно-кредитной политики в 2024 году и планах монетарного регулятора на 2025 год.***



Президент был проинформирован о ситуации в экономике и финансовой системе Казахстана, деловой активности, факторах инфляции, а также о мерах, принимаемых в целях стабилизации цен и достижения среднесрочной цели по инфляции в 5%.

Касым-Жомарту Токаеву было доложено, что по итогам 2024 года инфляция сформировалась в пределах прогнозного диапазона Национального банка и составила 8,6%. При этом, как сообщил Тимур Сулейменов, повышается внешнее инфляционное давление и сохраняются внутренние инфляционные риски.

Главе государства также была представлена информация о состоянии активов Национального фонда, золотовалютных резервов и ЕНПФ. В частности, в 2024 году доходы от управления активами Нацфонда составили 4,5 млрд долларов, или более 7,5%. Валовые золотовалютные резервы Нацбанка достигли 45,8 млрд долларов, увеличившись на 27,4%. Инвестиционный доход от управления пенсионными активами Единого накопительного пенсионного фонда составил 3,4 трлн тенге, а доходность превысила инфляцию более чем в 2 раза и достигла 17,8%.

Президент был проинформирован о ситуации на валютном рынке и реализуемых мероприятиях для обеспечения стабильности тенге.

Кроме того, Тимур Сулейменов рассказал о стабильной ситуации в банковском секторе, продолжении устойчивого роста депозитной базы, принимаемых мерах для обеспечения финансовой стабильности и планах по повышению эффективности макропруденциальной политики.

Касым-Жомарту Токаеву также доложено о результатах развития Национальной цифровой финансовой инфраструктуры, деятельности Антифрод-центра.

По итогам встречи Глава государства подчеркнул важность стабилизации инфляции, продолжения тесной координации макроэкономической политики Национального банка и Правительства, а также поставил ряд задач по деятельности Нацбанка.

*ЖҰМЫСШЫ - МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ*

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

# КІЛ МЫҚТЫДА, КІМ МЫҚТЫ?



Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

***Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы аясында, Жұмысшы мамандықтары жылына орай ұйымдастырылған «Кім мықты?» ІІІ облыстық жарыс биыл да жоғары деңгейде өтті. Жүктелген үміт ақталды. Қарағанды облысынан келген колледж оқытушылары да дән риза. Алайда жеңіс пен жеңіліс қатар жүретін спорттық додада кім жеңіске жетті?***

Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледже осымен үшінші рет ұйымдастырылып отырған бұл жарыстың колледж оқытушылар қауымдастығын біріктіруде, студенттік ортада салауатты өмір салтын насихаттауда алатын орны ерек.

Биыл қатысушылар спорттық шараға сақадай сай дайындалған. Олардың арасында бірыңғай форма киген, бір емес бірнеше жыл қатарынан қатысып жүрген оқытушылар да болды.

(ЖАЛҒАСЫ 4-БЕТТЕ)

*В ГОРОДСКОМ АКИМАТЕ*

# Акцент на развитии местного бизнеса



Надежда ЦХАЙ

***В конце прошлой недели в городском акимате состоялось расширенное совещание под председательством акима Сарани Дарына Бұлқайыра.***

Тема встречи, в которой приняли участие представители Палаты предпринимателей, городского малого и среднего бизнеса, различных государственных органов, - всемерная поддержка бизнеса нашего города, обсуждение действующих государственных программ, социальная поддержка предпринимателей и многое другое.

Прошедшее совещание стало отличной диалоговой площадкой. Как признались некоторые предприниматели, такие встречи придают дополнительный импульс развитию, расширению сотрудничества, а также это и отличная информационная поддержка.

(ПРОДОЛЖЕНИЕ НА 2 СТР.)

В ГОРОДСКОМ АКИМАТЕ

# Акцент на развитии местного бизнеса



(Начало на 1 стр.)

В ходе совещания выступили исполняющая обязанности начальника Отдела развития малого предпринимательства Региональной палаты предпринимателей Карагандинской области Б. Ахметова, главный менеджер по продвижению программ Фонда развития предпринимательства «Даму» К. Абильдина, руководитель Отдела сельского хозяйства, земельных отношений и предпринимательства О. Кадырканов, менеджер по привлечению партнеров ПВЗ маркетплейса TEEZ А. Воронов.

Участники обсудили вопросы нефинансовой поддержки предпринимателей, действенные инструменты для развития и поддержки бизнеса, в первую очередь малого и среднего, предоставления земельных участков для реализации бизнес – проектов через открытые аукционы, электронной торговли на маркетплейсе TEEZ.

В свою очередь аким Сарани Д. Бұлқайыр предложил ряд важных инициатив, среди которых возобновление работы Совета предпринимателей, активное развитие местного предпринимательства, анализ проблемных вопросов малого и среднего бизнеса Сарани, поиск путей решения.

В РАМКАХ ПОРУЧЕНИЯ ПРЕЗИДЕНТА РК

# Рассмотрены важные вопросы



Надежда ЦХАЙ

***Двадцать четвертого января в акимате поселка Актас состоялось собрание представителей местного самоуправления.***

В рамках собрания были рассмотрены вопросы, касающиеся основных положений Послания Главы государства Касым – Жомарта Токаева народу Казахстана «Справедливый Казахстан: закон и порядок, экономический рост, общественный оптимизм», текущей ситуации по жизнеобеспечению поселка. Также было представлено заключение акима по принятым собранием местного самоуправления рекомендациям по эффективному исполнению бюджета Актаса.

В частности, выступили главный специалист акимата поселка Ж. Нурахметова, заместитель акима Актаса М. Анаев, главный специалист акимата поселка Ж. Какимов.

В заключение аким поселка Актас Б. Аканов поблагодарил членов местного самоуправления за сотрудничество и плодотворную работу.

МАҢЫЗДЫ

# ӘДЕП ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС ҚЫЗМЕТІ

Бүгінгі күні кез келген жағдайда тиісті тәсілдер мен айрықша шешімдер табуға қабілетті, ерекше ойлайтын жаңа форматтағы мемлекеттік қызметшілерді қалыптастыру қазіргі заманғы мемлекеттік қызметтің басты талаптарының бірі.

Мемлекеттік қызметшілер билік пен халық арасын байланыстыратын алтын көпір. Сондықтан олардың кәсіби біліктілігімен қатар, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы өзгелерге үлгі болуы тиіс.

Мемлекеттік қызметшінің бойында жоғары моральдық жауапкершілік, кәсіби білім, әділдік, адалдық сияқты қасиеттер болуы тиіс. Сол себепті, осы бағытта жұмыс істеу - бүгінгі күннің талабы.

Ал, бұл бағыттағы жұмыстарды іске асыру және қадағалауда Әдеп жөніндегі кеңестің алатын орны ерекше.

Себебі, Кеңес мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзушылықтарын алдын алу, мемлекеттік қызметке кір келтіретін тәртіптік теріс қылықтарын қарауды жүзеге асырады.

Сонымен қатар, Кеңес мүшелері отырыстарында әдеп жөніндегі уәкілдер қызметінің нәтижелерін қарау, тәртіптік комиссиялар жұмысын үйлестіру және өзге де лауазымды адамдардың есептерін тыңдауды жүргізеді.

Жылдан - жылға тәртіптік істердің саны және қаралатын профилактикалық сұрақтар үлесінің өсу динамикасы байқалады.

Айтылғанның айғағы - Әдеп жөніндегі кеңес отырыстарында қарастырылатын тәртіптік істердің азаюы. Мәселен, 2024 жылы Әдеп жөніндегі кеңестің 9 отырысында 48 мәселе қарастырылса, оның ішінде тек 19% не 9 тәртіптік істер, яғни қаралған мәселелердің профилактикалық үлесі 81% құрап отыр.

Бүгінгі таңда Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері мемлекеттік қызметшілердің әдептілік деңгейін көтеруге бағытталған шаралар қабылдап, белсенді жұмыс жасауда.

Бұл мақсатта, Әдеп жөніндегі кеңес мүшелері тек отырыстарға қатысып қана қоймай, мемлекеттік органдар арасында, оның ішінде аудан және ауылдық округтерге барып, мемлекеттік қызметшілермен кездесіп, түсіндірме жұмыстарын өткізеді, азаматтарды жеке қабылдау жүргізеді.

Бұндай шаралар, мемлекеттік қызметшілер тарапынан тәртіптік теріс қылықтарды жасаудың алдын алуына, мемлекеттік қызметтің беделін арттыруға, халыққа жақын, әр істе әділ болуға септігін тигізетіні сөзсіз.

Бағдары айқын, қызметі елеулі Әдеп жөніндегі кеңес институты халықтың сенімін ақтауға өз күшін сала бермек.

**Р.Танишпеков,**
**«Amanat» партиясы Қарағанды облыстық филиалының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңес төрағасының орынбасары,**
**Әдеп жөніндегі кеңестің мүшесі**

АКТУАЛЬНО

# НЕ ДОВЕРЯЙТЕ СВОИ ПЕНСИОННЫЕ НАКОПЛЕНИЯ ПОСРЕДНИКАМ ПО ОБЪЯВЛЕНИЯМ!




В последнее время в социальных сетях и на платформах онлайн-объявлений рассылаются предложения об оказании посреднических услуг в получении пенсионных накоплений свыше порога минимальной достаточности (ПМД) для любой категории граждан под низкий процент.

АО «ЕНПФ» предупреждает своих вкладчиков и получателей: получение пенсионных накоплений возможно только в строго определенных Социальным Кодексом Республики Казахстан случаях. Прежде всего, это наступление пенсионного возраста, бессрочная инвалидность 1 или 2 группы, выезд на ПМЖ, наследование. Использовать пенсионные накопления на улучшение жилищных условий и/или лечение при соблюдении законодательно установленных условий могут:

- вкладчики, имеющие накопления, превышающие порог минимальной достаточности (в пределах суммы свыше ПМД);
- пенсионеры, чья пенсия составляет не менее 40% от утраченного дохода (ранее получаемой заработной платы) – они могут использовать до 50% накоплений, оставшихся на счете;
- пенсионеры по выслуге лет (до 100% накоплений);
- вкладчики, заключившие договор пенсионного аннуитета (до 100% накоплений).

Целевое использование пенсионных накоплений на жилье или лечение возможно исключительно через уполномоченных операторов – банки второго уровня. Соответственно, услуги посредников не требуются. При этом ЕНПФ никаких комиссий не берет.

Согласившись участвовать в сомнительных схемах, вы не только рискуете потерять свои деньги, но и ставите под угрозу сохранность своих персональных данных, которые в дальнейшем могут быть использованы для других мошеннических действий.

ЕНПФ настоятельно рекомендует своим вкладчикам и получателям игнорировать подобные предложения, получать информацию из официальных источников и действовать исключительно в правовом поле.

Получить ответы на все вопросы и проверить информацию, касательно изъятия и перевода своих пенсионных накоплений вы можете как в отделениях ЕНПФ, так и дистанционно:

- посредством сайта enpf.kz, мобильного приложения БЖЗҚ/ЕНПФ;
- через многоканальную бесплатную связь, позвонив на номер call-центра: 1418, а также посредством WhatsApp по номеру: +7 777 000 1418;
- на официальных страницах ЕНПФ в социальных сетях на таких популярных платформах, как «Одноклассники», Telegram, «Facebook», «В контакте», «X» и «Instagram».

**Пресс-центр АО «ЕНПФ»**

ЖҰМЫСШЫ - МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

# МАМАНДЫҚ ТАҢДАУ - МАҢЫЗДЫ ШЕШІМ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

***Оқушылар жұмысшы мамандықтарына қатысты қызықты мәліметтермен танысты. Тек біліп қана қоймай, өз ойларын да ортаға салған.***

Жұмысшы мамандықтары жылы аясында №1 отбасылық оқу кітапханасында «Мамандық таңдау – маңызды қадам» атты тақырыпта ақпараттық сағат өткізілді.

Жұмысшы мамандықтарының беделін арттыру және жастар арасында еңбекқорлықты насихаттау мақсатында өткен шарада №1 мектеп-лицейінің жоғарғы сынып оқушылары белсенділіктерін көрсеткен. Онда тақырыпқа сай рухани қазынаға бай, әрбірі өзіне керегін ала алатын, жұмысшы мамандықтар жайлы тереңірек білгісі келетін жандарға таптырмайтын «Кітапхана арқылы-мамандыққа» атты танымдық көрме ұйымдастырылды.

№1 ООК ересектер абонементінің кітапханашысы Е.Н.Алексейцеваның айтуы бойынша, оқушылар ағаш шеберінің, сантехниктің, токарьлердің ісімен, жұмыс ауқымымен танысқан. Бір қуантатыны, оның барлығы ойын түрінде өткендіктен, берілген ақпарат білім алушының жадында оңай сақталады. Мамандардың жұмыс істеу бағыты мен әр жұмыстың артында білім мен қажырлы еңбек барын түсіндіреді.

Одан бөлек, №1 отбасылық оқу кітапханасында «Жұмысшы мамандықтар жылына» орай «Ер дәулеті – еңбек» атты кітап көрмесі ел назарына ұсынылды.







# ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР САНАТЫНА КІМДЕР КІРЕДІ?

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауында 2025 жылды «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жариялады. «Осы уақыт ішінде техникалық және кәсіби білім беру жүйесін реформалау қажет. Әрі біз жұмысшы мамандықтарын дәріптеу арқылы қоғамда еңбекқор және нағыз маман болу идеясын насихаттаймыз», - деді Президент. Яғни қоғамда еңбекқорлық, кәсібилік сияқты қасиеттер өте жоғары бағалануы тиіс.

Қазақстанда жұмысшы санатына әртүрлі мамандықтар кіреді. Олардың қатарында:

- Механиктер – автокөліктер мен машиналарды жөндейтін мамандар;
- Электриктер – электр жүйелері мен құрылғыларын орнату және жөндеу;
- Слесарлар – металл конструкцияларын өңдеу, жөндеу;
- Дәнекерлеушілер – металл бөлшектерін дәнекерлеу;
- Столярлар – ағаштан бұйымдар жасау;
- Кондитерлер – тәтті өнімдер дайындау;
- Медбикелер – медициналық көмек көрсету;
- Тігіншілер – киім мен басқа текстиль бұйымдарын тігу және тағы басқа мамандықтар.

Бұл мамандықтар өндіріс, құрылыс, қызмет көрсету және ауыл шаруашылығы сияқты түрлі салаларда маңызды рөл атқарады.

Жұмысшы мамандықтары бағаланатын мемлекеттер, әдетте, экономикалық дамуы жоғары, әлеуметтік теңдікке көңіл бөлетін елдер. Жұмысшы мамандықтарының бағалануы – бұл елдің экономикалық, әлеуметтік және мәдени дамуына әсер ететін маңызды аспект. Осы тұрғыдан алғанда, әлемде жұмысшы мамандықтарының жоғары бағаланатын мемлекеттері және олардың бағалануының негізгі критерийлері туралы толығырақ айтып өтейік. Олардың бағалануы бірнеше көрсеткіштер арқылы жүзеге асырылады:

**Жалақы деңгейі**

Жұмысшылардың жалақысы – мамандықтың бағалануын анықтайтын ең басты көрсеткіштердің бірі. Жоғары жалақы мен бонустар жұмысшы мамандықтарын тартымды етеді. Мысалы, Швеция мен Германияда инженерлер мен техникалық мамандар жақсы жалақы алады, бұл олардың жұмысын жоғары бағалайтынын көрсетеді.

**Әлеуметтік қорғау**

Жұмысшылардың құқықтарын қорғау – маңызды аспект. Жоғары дамыған елдерде (мысалы, Канада, Норвегия) жұмысшыларға берілетін әлеуметтік жеңілдіктер (демалыс, ауруханаға жату, зейнетақы жүйесі) жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын арттырады. Мұндай елдерде еңбек шарттары заңмен реттеледі, бұл жұмысшылардың құқықтарын қорғауға мүмкіндік береді.

**Білім беру және кәсіптік дайындық**

Мамандықтардың сапасы мен біліктілігі, сондай-ақ, олардың қоғамдағы бағалануы білім беру жүйесіне тікелей байланысты. Жоғары сапалы кәсіптік білім беру (мысалы, Германияның дуалды білім беру жүйесі) жұмысшы мамандарды даярлаудың тиімділігін арттырады, бұл өз кезегінде жұмысшы мамандықтарының бағалануына әсер етеді.

**Экономикалық тұрақтылық**

Экономикалық жағдайдың тұрақтылығы жұмыс орындарының тұрақтылығына және жұмысшылардың өмір сүру деңгейіне әсер етеді. Мысалы, Жаңа Зеландияда экономиканың тұрақты өсуі мен төмен жұмыссыздық деңгейі жұмысшы мамандықтарының беделін арттырады.

**Халықаралық рейтингтер**

Дүниежүзілік экономикалық форум, ЮНЕСКО және басқа ұйымдар жүргізген зерттеулер мен рейтингтер елдердегі жұмысшы мамандықтарының бағалануын объективті түрде көрсетеді. Мысалы, 2023 жылғы зерттеулерде Скандинавия елдері (Швеция, Дания, Норвегия) жұмысшы мамандықтарын жоғары бағалайтын мемлекеттер ретінде танылды.

Жұмысшы мамандықтарының бағалануына әсер ететін факторлар кешені, сондай-ақ, елдің мәдениеті мен экономикасының ерекшеліктері де ескеріледі. Жоғарыда аталған елдерде жұмысшы мамандықтарының жоғары бағалануы олардың әлеуметтік және экономикалық жүйесінің тиімділігімен тығыз байланысты.

Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын әлеуметтік қорғау бірнеше бағытта жүзеге асырылуда:



- Еңбек заңнамасы

Қазақстанда жұмысшылардың құқықтарын қорғауға арналған еңбек кодексі бар. Бұл кодекс жұмыс уақытын, демалысты, еңбек шарттарын және еңбек қауіпсіздігін реттейді. Жұмысшылардың құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін заңдық негіздер қамтамасыз етілген.

- Әлеуметтік жүйесі

Жұмысшылар үшін әлеуметтік қорғау жүйесі жұмыс істейді, оның ішінде:

- Зейнетақы жүйесі: Жұмысшылар зейнетақы қорларына міндетті жарналарды аударады, бұл зейнетке шыққанда қаржылық қолдау алуға мүмкіндік береді.
- Медициналық сақтандыру: МӘМС (Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру) жүйесі арқылы жұмысшылар медициналық қызметтерге қол жеткізеді.
- Жұмыссыздық сақтандыруы: Жұмыссыз қалған жағдайда жұмысшыларға жәрдемақы төлеу жүйесі бар.

- Кәсіподақтардың рөлі

Қазақстанда кәсіподақтар жұмысшылардың құқықтарын қорғауда маңызды рөл атқарады. Олар еңбек шарттарын жақсарту, жұмысшылардың жалақысын көтеру, еңбек жағдайларын жақсарту бойынша жұмыс жүргізеді.

- Еңбек қауіпсіздігі

Еңбек қауіпсіздігі мен қорғауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстанда арнайы мемлекеттік бағдарламалар мен стандарттар енгізілген. Олардың міндеті – өндірістегі жарақаттар мен зиянды әсерлерді азайту.

- Білім беру және кәсіптік даярлау

Қазақстанда кәсіби білім беру жүйесі жұмысшы мамандықтарын дамытуға бағытталған. Кәсіптік колледждер мен жоғары оқу орындары арқылы жұмысшыларды даярлау жүзеге асырылады. Бұл жұмысшылардың біліктілігін арттыру мен еңбек нарығында бәсекеге қабілеттілігін жоғарылатуға ықпал етеді.

- Мемлекеттік қолдау бағдарламалары

Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын қолдау мақсатында әртүрлі мемлекеттік бағдарламалар жүзеге асырылуда. Мысалы, «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасы жұмыс орындарын ашу және жұмыссыздықты төмендету үшін арналған.

Қазақстанда жұмысшы мамандықтарын әлеуметтік қорғау жүйесі біртіндеп дамып келеді, бірақ әлі де жетілдіруді қажет ететін аспектілер бар. Жұмысшылардың құқықтарын қорғау, еңбек шарттарын жақсарту және әлеуметтік қолдауды күшейту – мемлекет пен қоғамның ортақ міндеті.

ruh.kz

ЖҰМЫСШЫ - МЕРЕЙЛІ МАМАНДЫҚ

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАРЫНЫҢ ЖЫЛЫ

# КІЛ МЫҚТЫДА, КІМ МЫҚТЫ?







**(Басы 1-бетте)**

- Жұмысшы мамандықтары жылына орай ұйымдастырылған облыстық жарысқа 21 колледж келді. Ең алысы Шет агротехникалық колледж болса, сондай-ақ, Теміртау мен Қарағанды колледждерінен келіп қатысып жатыр. Колледж оқытушылары тоғызқұмалақтан, волейбол мен үстел теннисінен бақтарын сынады, - деді Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледждің директоры Алма Темирбулатова.

Жалпы, достық атмосфераға карамастан, екі спорт түрінен бөлек «волейбол» ойынында бәсекелестік рухы байқалды. Ешкімнің де жеңілгісі келмей, әрбірі қолда бар мүмкіндікті жіберіп алмауға тырысты. Басынан-аяғына дейін тартысқа толы өткен бұл спорт түрінен оқытушылардың спорттық шеберлігі, ептілігі, төзімділік пен жеңіске деген жігер анық сезілді. Жанкүйерлер де, ойыншылар да зор қуат алып, жағымды эмоцияға бөленді.

- Осы шарадан алған әсеріміз өте керемет. Себебі біз Саранға оған дейін де болғанбыз. Үстел теннисіне қатыстық. Финалға шықтық, - деп өз әсерімен бөлісті №1 колледждің оқытушысы, өндірістік оқыту шебері Амангелді Токушев.

- Мен өзім Қарағанды көлік-технологиялық колледжде оқытушы болып жұмыс жасаймын. Жылдан-жылға ойынның дәрежесі көтеріліп келе жатыр. Жақсы-жақсы ойыншылар шығып жатыр. Ұйымдастырушыларға көп рақмет айтамыз. Біз осы жарыс басталғалы қатысып келеміз. Волейболдан екінші орын алып келеміз, - деді Қарағанды көлік-технологиялық колледждің автокөлік жөндеу бойынша өндіріс оқыту шебері Досан Дәулетхан.

Жабылу салтанатында сөз сөйлеген «Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері салалық кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» қоғамдық бірлестігінің бас маманы Жұмағали Магзиев облыстық жарыстың жоғары деңгейде өткенін атап өтсе, «Білім» жергілікті білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы қоғамдық бірлестігінің төрағасы Әлия Жамбеисова да биік кәсібиліктің шыңын көрсеткен Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжге ризашылығын жеткізген.



Сондай-ақ, Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледже директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, спартакиаданың бас төрешісі Жанбол Жаяубаев та спартакиаданың қолдаушыларына: «Қазақстандық салалық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлері кәсіптік одағының Қарағанды облыстық ұйымы» ҚБ, «Білім» жергілікті білім беру қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ және Саран қаласының білім бөлімі, Абай атындағы ЖББ мектепке, №17 мектеп-гимназияға демеушілік, қолдау көрсеткендері үшін алғысын білдірді.

Жарыстың нәтижесі бойынша үстел теннисінен №1 колледж 3-орынды, Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі 2-орынды және Қарағанды техника – құрылыс колледжі жүлделі 1-орынды иеленді. «Тоғызқұмалақ» ойынында Теміртау жоғары политехникалық колледжі 3-орынды, Қарағанды жоғары политехникалық колледжі 2-орынды және Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі 1-орынды жеңіп алды. «Волейбол» ойынында Қарағанды жоғары политехникалық колледжі 3-орынмен, Қарағанды көлік-технологиялық колледжі 2-орынмен және Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық колледжі 1-орынмен марапатталды.

Жалпы командалық есепте Абай Құнанбаев атындағы Саран жоғары гуманитарлық-техникалық колледжі 1-орынға, Қарағанды жоғары политехникалық колледжі 2-орынға және Теміртау жоғары политехникалық колледжі 3-орынға шықты.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, медальдармен, және ақшалай сертификаттармен марапатталды. Білім саласына сүбелі үлесін қосып келе жатқан, бір жағынан студенттерге үлгі болып салауатты өмір салтын насихаттап жүрген оқытушыларды жеңістерімен құттықтаймыз! Алар асуларыңыз, бағындырар белестеріңіз көп болсын!

---

СПОРТ

# ВЫСОКИЙ УРОВЕНЬ ПОДГОТОВКИ

Надежда ЦХАЙ

***Только недавно юные спортсмены спортивного клуба «Arystan» вернулись с Чемпионата Казахстана по джиу – джитсу Не ваза, который проходил в г. Алматы в середине января.***

Как отметили ребята, конкуренция среди спортсменов была довольно мощной. Каждый показал высокий уровень подготовки.

Теперь у ребят покорение новых вершин – наши спортсмены прошли отбор на Чемпионат Азии и Мира. Поздравляем!

А теперь имена наших победителей:

1 место - Федулов Денис U-14, 52 кг;

2 место - Биюнова Аиша U-14, 32 кг, Ключникова Мария U-16, 40 кг, Леликова Мария U-21, 48 кг, Саллок Максим U-21, 94 кг;

3 место - Дуйшенкул Алан U-16, 52 кг, Правдина Алина U-18, 52 кг.



БІЛІМ

# ОБЛЫСҚА ЖОЛДАМА АЛДЫ

Дина ӘБДІҒАЛИЕВА

***Жалпы білім беретін мектептер арасында ұлттық мектеп лигасы бойынша волейболдан қалалық іріктеу кезеңінің жеңімпаздары белгілі болды.***

Абай атындағы жалпы білім беретін мектепте және №17 білім ордасының қабырғасында өткен спорттық жарысқа 7-8 сынып оқушылары қатысқан. Жалпы қыздар арасында 6 команда болса, ұлдар арасында 8 команда бағын сынаған.

- Біздің мектепте мен және менің әріптесім Жомарт Уразбеков екеуміз осы волейбол үйірмесін жүргіземіз. Біз жылда волейболдан бірінші орын алып жүрміз. Биыл қандай орын алатынымызды білмейміз. Алайда жылда сабақтан кейін дайындаламыз. Негізі, осындай спорттық шаралар балаларды шынықтырады. Оқушылардың да қызығушылығы, құлшынысы өте күшті. Тек сабақ болатын күндері ғана емес, сенбі күні де жаттығу жасаймыз, - деді Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Перизат Парменова.

Оқушылардың жауапкершілік танытып, ойынға беріліп ойнауы көңілді қуантады. Әрбірі жақсы нәтиже көрсетуге, командалық рухты жоғалтпауға тырысқан. Алайда бұл жарыс болғандықтан, онда жеңіс те, жеңіліс те қатар жүреді. Осы жолы да Абай атындағы жалпы білім беретін мектептің ұлдары мен қыздары үмітті ақтап, 1-орынға ие болды. №17 мектеп-гимназиясының қос командасы да 2-орынмен марапатталды. Тартысты өткен жарыста №16 жалпы білім беретін мектептің қыздары мен №1 мектеп-лицейінің ұлдар командасына жүлделі 3-орын бұйырды. Бірінші орынға ие болған команда облысқа жолдама алды.





СПОРТ

# ЕЩЕ БУДЕТ МНОГО СТАРТОВ И ПОБЕД!

***В прошедшее воскресенье в спорткомплексе «Политехник» г. Караганды состоялся ежегодный Открытый областной турнир по каратэ WKF, посвященный памяти тренеров.***

Всего в соревнованиях приняли участие более 200 спортсменов из Караганды, Темиртау, Шахтинска, Абая, Астаны, Семея, Сарани и Акмолинской области. Всего 15 команд. Причем наиболее многочисленные составы команд были представлены клубами из Караганды.

Клуб «Годан» г. Сарани представляли 20 человек в возрасте от 7 до 15 лет. Ребятам удалось завоевать 21 медаль. Из которых семь наград – золото, шесть – серебро и восемь бронзовых наград.

Соревнования проходили по двум дисциплинам ката и кумитэ.

Причем ката проходили в формате оценивания по флажкам (кохаку-хошики). В этой программе у нашей команды три золотые награды. Чемпионами в этой программе стали Фараносова Варвара в возрастной категории 8-9 лет, Гуреева Альмира и Авазхонов Лазиз в возрастной категории 14 лет и старше. Серебряные награды у Даудрих Мирослава в возрастной категории 8-9 лет,




Зограбян Амелии в возрастной категории 12-13 лет и у Халитова Равиля в возрастной категории 14-15 лет. Бронзовые награды в программе ката завоевали: Беляев Арсентий в возрастной категории 12-13 лет, а также Зограбян Аревика в возрастной категории 14 лет и старше.

В программе кумитэ нам удалось завоевать четыре золотые награды:

- в возрастной категории 8-9 лет по новичкам Лепеховой Софии;
- в возрастной категории 8-9 лет до 35 кг Амангелді Нұрдәулету;
- в возрастной категории 10-11 лет свыше 45 кг Дааеву Анзору;
- в возрастной категории 14-15 лет в весе до 52 кг Авазхонову Лазизу.

Серебряные награды в программе кумитэ на открытом областном турнире завоевали:

- Фараносова Варвара в возрастной категории 8-9 лет в весе до 30 кг;
- Измайлов Али в возрастной категории 10-11 лет в весе до 45 кг;
- Зограбян Аревика в возрастной категории 14-15 лет АБС.

Бронзовые награды в поединках по кумитэ выиграли:

- Циома Лидия в возрастной категории 10-11 лет в весе до 35 кг;
- Лепехова Кира в возрастной категории 10-11 лет в весе до 40 кг,
- Беляев Арсентий в возрастной категории 12-13 лет в весе свыше 55 кг;
- Шепаев Богдан в возрастной категории 12-13 лет в весе свыше 55 кг;
- Исупова Диана в возрастной категории 12-13 лет в весе свыше 52 кг
- Халитов Равиль в возрастной категории 14-15 лет в весе свыше 52 кг.

Надо отметить для наших воспитанников это были первые соревнования в новом году и впереди нашу команду ждёт ещё множество стартов, одним из которых в ближайшее время будет Открытый городской турнир по Фунакоши каратэ «Кубок клуба Годан».

Также по результатам выступления Авазхонов Лазиз, Гуреева Альмира и Халитов Равиль завоевали право представлять нашу область на Чемпионате Республики Казахстан по каратэ WKF, котрый будет проходить в г. Кызылорда с 27 февраля по 3 марта.

**А. ИВЕРСКАЯ,**
**тренер Центра спорта города Сарани**






ДІН ЖӘНЕ ҚОҒАМ

# ҚАЗАҚСТАНДА ДІН АРАЛЫҚ ТОЛЕРАНТТЫЛЫҚ: ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ



Қазақстан – көп ұлтты және көп дінді ел. Мұнда қазақ, орыс, өзбек, татар, украин және басқа да ұлттардың өкілдері бейбіт қатар өмір сүріп, өзара түсіністік пен сыйластыққа негізделген қоғам құрады. Елдің көпэтникалық құрылымы оның бай мәдениеті мен тарихынан хабар береді, әрі әрбір ұлт пен дін өз дәстүрін, мәдениетін және сенімін құрметтеп, бір-біріне қолдау көрсетеді.

Қазақстандағы дін аралық толеранттылық – бұл тек заңдар мен ережелерге негізделген ұстаным ғана емес, бұл адамдардың жүрегінде орныққан, өзара түсіністік пен сыйластықтың көрінісі. Елде әрбір азамат өзінің діни сеніміне байланысты өмір сүрсе де, ол басқа адамдардың сенімдеріне құрметпен қарап, оларды өзінен кем санамайды. Бұл қасиет Қазақстанның қоғамында бейбіт өмір сүрудің кепілі болып табылады.

Қарағанды облысы – Қазақстандағы индустриалды және мәдени тұрғыдан маңызды қалалардың бірі. Бұл қала да көпұлтты және көп дінді болып, дін аралық толеранттылықтың үлгісін көрсетеді. Мұнда әртүрлі ұлттар мен діндердің өкілдері бір-бірінің салт-дәстүрлерін, мәдениеттерін және сенімдерін құрметтеп, өзара түсіністікпен өмір сүреді. Қарағандыда мешіттер, шіркеулер, храмдар мен басқа да діни орындар өз қызметін атқаруда, ал әртүрлі діни қауымдастықтар өздерінің мерекелерін тойлап, бір-біріне қолдау көрсетеді.

Қарағандының көпұлтты қоғамында, әсіресе жастар арасында, дін аралық толеранттылық пен өзара сыйластықты нығайту бағытында көптеген шаралар ұйымдастырылуда. Мұнда әртүрлі діни топтардың өкілдері бір-біріне құрметпен қарауға, өз мәдениеттерін таныстыруға және бейбітшілік пен келісімнің маңыздылығын түсіндіруге бағытталған іс-шаралар жиі өткізіледі. Бұл шаралар қаладағы қоғамдық тұрақтылықты сақтауға және әртүрлі діни сенімдер мен мәдениеттер арасында үйлесімділікті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Қазақстандағы дін аралық толеранттылықтың негізі – әрбір адамның өз сенімін еркін ұстануына мүмкіндік беру және басқа адамдардың сенімдерін құрметтеу болып табылады. Бұл тек діндер арасындағы ғана емес, ұлттар арасындағы да түсіністік пен сыйластықты қамтамасыз етеді. Қарағанды облысы, өз кезегінде, осы идеологияны жүзеге асырып, еліміздегі көпэтникалық қоғамның дамуына үлес қосып келеді.

Осылайша, Қазақстанның дін аралық толеранттылығы – қоғамның тұрақтылығын, достық пен ынтымақтастықты сақтаудың негізі болып табылады. Бұл қасиет елде әрбір азаматтың өз орнын табуына, өз сенімін құрметтеуге және басқа адамдардың сенімдерін түсінуге мүмкіндік береді. Қарағанды сияқты қалалар осы құндылықтардың айқын мысалы болып, Қазақстанның бейбіт әрі тұрақты болашағына жол ашады.

**Н. МҰСАБЕКОВ,**
**Саран қалалық мешітінің имамы,**
**ақпараттық топтың мүшесі**

РЕЛИГИЯ И ОБЩЕСТВО

# О МЕРАХ ПРОФИЛАКТИКИ РЕЛИГИОЗНОГО ЭКСТРЕМИЗМА И ТЕРРОРИЗМА



18 февраля 2005 года в Казахстане был принят Закон «О противодействии экстремизму». Согласно закону, экстремизм – это совершение физическим или юридическим лицом, или объединением, признанными в установленном порядке экстремистскими противоправных действий, где к их числу относится насильственное изменение конституционного строя страны, нарушение суверенитета республики, подрыв национальной безопасности, насильственный захват власти, организация вооруженного мятежа и другое.

Кроме того, к экстремистской деятельности имеет отношение разжигание социальной, сословной, расовой, национальной, религиозной, родовой розни. Участие и призывы к участию в незаконных военизированных формированиях также могут попадать под категорию экстремистских действий.

В Казахстане на законодательном уровне запрещены создание и деятельность тех организаций, чья деятельность имеет экстремистское направление. Государство вправе применять профилактические меры, которые направлены на предупреждение деятельности деструктивных объединений. Помимо этого, оно берет на себя ответственность за выявление и пресечение незаконной экстремистской деятельности, а также может сотрудничать с другими государствами в вопросах противодействия экстремизму и терроризму.

Негативное влияние деструктивных сил, которые могут подорвать конституционный строй государства, ни в коем случае нельзя недооценивать. Многие страны мира ведут активную борьбу против экстремизма, в том числе объединенными усилиями. Основания для применения жестких мер в отношении экстремистов имеются самые очевидные.

Некоторые государства неоднократно сталкивались с фактами проведения различных акций, организованных радикально настроенными группировками. В результате этих противоправных действий зачастую страдали мирные граждане. Нередко экстремисты пытаются добиться своих политических целей именно путем совершения террористических актов. Новости о случившихся терактах (в том числе на религиозной почве) появляются в СМИ практически на регулярной основе, и поступают они из разных уголков нашей планеты. Борьба с деструктивными силами ведется в нашей стране на самом высоком уровне. В качестве доказательства можно привести Государственную программу по противодействию религиозному экстремизму и терроризму на 2018-2022 годы.

В качестве цели данной программы указывается обеспечение безопасности человека, общества и государства от насильственных проявлений религиозного экстремизма и угроз терроризма. Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев также высказывался по поводу необходимости предельно решительного противодействия любым деструктивным силам. «Сохраняя плюрализм мнений, мы должны жестко противостоять любым проявлениям радикализма, экстремизма и сепаратизма. Попытки расколоть наше общество будут пресекаться по всей строгости закона. В нашей стране на первом месте должны быть закон и порядок».

Терроризм – это идеология насилия и практика воздействия на принятие решения государственными органами, органами местного самоуправления или международными организациями путём совершения либо угрозы совершения насильственных или иных преступных действий, связанных с устрашением населения и направленных на причинение ущерба личности, обществу и государству.

Под понятие террористических действий или акта терроризма подпадает совершение или угроза совершения взрыва, поджога или иных действий, создающих опасность гибели людей, причинения значительного имущественного ущерба.

Опасность терроризма чрезвычайно высока, ибо он не просто отражает культ насилия, но и способствует его развитию, формирует и усиливает в обществе чувство страха, обесценивает человеческую жизнь, приводит к возможному свертыванию государственных гарантий свободы личности. Терроризм - это преступление, всегда умышленное. При этом умысел террориста отличается от умысла людей, совершающих убийство, разбой, грабеж и т.п. Если, например, в случае убийства или грабежа имеются две стороны - преступник и жертва, то в акте терроризма есть и третья - органы власти или общественность, к которым апеллирует террористическая организация или террорист. Жертва террористов может и не интересовать. Их действия направлены на достижение своих целей посредством привлечения общественного внимания, запугивания населения и представителей органов власти. При этом проявляется безразличие к жертвам, что ведет к особой жестокости, массовой гибели невинных людей.

На сегодняшний день государство принимает комплекс мер по профилактике, предупреждению, выявлению и пресечению экстремистских и террористических проявлений.

К примеру, в рамках противодействия религиозному экстремизму и терроризму были утверждены Государственные программы по противодействию религиозному экстремизму и терроризму в Республике Казахстан. В рамках реализации данных программ государственными органами принимается ряд мер, направленных на обеспечение безопасности человека, общества и государства от насильственных проявлений религиозного экстремизма и угроз терроризма.

В свою очередь местные исполнительные органы, акиматы осуществляют профилактические мероприятия среди населения, формируют так называемый иммунитет у людей к радикальной религиозной идеологии и нулевую терпимость к деструктивным проявлениям.

В частности, проводится комплекс разноформатных мероприятий разъяснительного, консультативного и реабилитационного характера с участием высококвалифицированных экспертов в области религии. С людьми беседуют профессиональные теологи, психологи, на консультации приходят и родственники радикально настроенных людей, которым тоже оказывается всесторонняя помощь.

Для помощи попавшим под влияние деструктивных и радикальных религиозных течений гражданам, а также для их родных на территории городов и районов Карагандинской области действуют специальные центры консультации и реабилитации, где работают высококвалифицированные теологи и психологи, которые помогают попавшим под влияние гражданам, объясняя вырванные из контекста священных писаний призывы радикального характера.

**С. ТЛЕКБАЕВ,**
**исполнительный директор**
**Центра изучения и анализа**
**общественных процессов**
**Карагандинской области,**
**юрист-религиовед, член областной**
**ИРГ УДР, теолог МРЦ**

# ВЕТЕРАНУ МВД ПОСВЯЩАЕТСЯ



Олжабай Сарсенбаевич Сарсенбаев родился в 1950 году в селе Аксу-Аюлы, Шетского района Карагандинской области. Рано остался без родителей, воспитывался у родственников. Трудное детство, ранняя трудовая деятельность - все это часть жизненной закалки. Окончив сельскохозяйственный Мичуринский техникум в 1971 году он поступил на службу в Ленинский РОВД г. Караганды на должность постового милиционера. Через некоторое время Олжабая Сарсенбаевича назначили заместителем начальника по наружной службе Саранского ГОВД.

О. Сарсенбаев состоял в браке с Сауле Сакуевной, вырастил две дочери: Гульдану и Асем, имеет 5 внуков. В 1998 году вышел на заслуженный отдых.

Ветеран Саранского ОП Жанабай Тулегенович вспоминает, что Олжабай Сарсенбанвич был человеком исключительного благородства, добрый, доброжелательно относился к окружающим.

Его энергия, сила духа, самоотверженность, останется в памяти тех, кто имел честь работать и общаться с ним.

Олжабай Сарсенбаевич, грамотный руководитель. Он посвятил себя служению в ОВД и борьбе с преступностью, он был наставником и примером для молодых сотрудников. Его вклад в укрепление правопорядка и безопасность нашего города невозможно недооценить.

Во времена Советского Союза преступники чувствовали себя безнаказанно, Олжабай Сарсенбаевич лично участвовал в охране общественного порядка и раскрытии преступлений.

Ветеран Саранского ОП Эдуард Тянсеновичь отмечает Олжабая Сарсенбаевича, как хорошего человека, он всегда оценивал и ценил людей по уму и знаниям.

За многолетний доблестный труд в ОВД О.Сарсенбаев был награждён медалями и знаками «Отличник МВД Казахской ССР» 3 степени, а также имеет грамоты и благодарности.

Он всегда интересовался как работает Совет ветеранов ОП, спрашивал о новостях, он не был равнодушным человеком.

Уход Олжабая Сарсенбаевича оставил пустоту в наших сердцах, но также наполнил их благодарностью, за время проведённое вместе.

Его мудрость, ответственность, доброта останется в наших сердцах. Светлая память.

**Совет ветеранов**
**Саранского ОП**

*СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ЖОЛ ЖОҚ!*

## СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ҚОҒАМ ТАЛАБЫ




Бүгінгі таңда Қазақстан Республикасындағы сыбайлас жемқорлық мәселесі негізгі проблемалармен қатар өткір тұр. Сыбайлас жемқорлық - бұл үнемі мұқият зерделеуді, жүйелі көзқарасты, кешенді және жедел қарсылықты қажет ететін қазіргі қоғамның жағымсыз құбылысы. Еліміздегі сыбайлас жемқорлықтың деңгейі мен ауқымы экономикалық дамуды тежейді, инвестициялық ахуалға теріс әсер етеді және еліміздің имиджін төмендетеді.

Басқарма мамандары сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-шараларды жүргізу барысында «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы № 410-V ҚРЗ Заңын, «Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдептілік нормаларын және мінез-құлық қағидаларын одан әрі жетілдіру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы № 153 Жарлығын, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы № 416-V ҚРЗ Заңын басшылыққа алады.

Осы орайда Басқарма басшысының бұйрығымен «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілген және осы жоспардың орындау бойынша іс-шаралар іске асырып жатыр.

Басқарманың ресми әлеуметтік желілерінде сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған бейнероликтер, инфографикалар жарияланып тұрады.

Мамандар арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтау бойынша түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамалардың нормаларын сақтау бойынша құқықтық жаппай оқыту шеңберінде тұрақты негізде семинарлар өткізіледі.

Мемлекеттік қызметтер «электрондық үкімет» веб-порталы арқылы электрондық түрде көрсетіледі. Көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушының Е-лицензиялау ақпараттық жүйесі арқылы тікелей байланыс қамтамасыз етілген.

Басқарманың қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу жөніндегі жұмыс тобы Басқарма қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізге асырылады.

Сонымен қатар, Басқарма басшысының жеке мәселелер бойынша азаматтарды қабылдау күндері, апта сайын дүйсенбі және жұма күндері сағат 10-00-ден 12-00-ге дейін белгіленген. Басқарма басшысының орынбасарының жеке мәселелері бойынша азаматтарды қабылдау күндері сәрсенбі күні сағат 16-00-ден 18-00-ге дейін.

Мемлекеттік қызметшілердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманы сақтамау жағдайларын анықтау мақсатында және анықталған бұзушылық жағдайлары бойынша уақтылы және пәрменді шаралар қабылдау мақсатында Басқарманың ресми әлеуметтік желілерінде «жедел желі телефоны» - (872137) 7-67-61 және «сенім телефоны»- (872137) 7-67-82 жөнінде жарияланым тұрақты түрде орналастырылып тұрады.

Сыбайлас жемқорлық тек құқық бұзушылық емес. Бұл мемлекеттің тиімділігіне деген сенімді төмендетеді және ұлттық қауіпсіздікке тікелей қатер төндіреді. Сондықтан мемлекет пен қоғам сыбайлас жемқорлыққа қарсы бірігіп, әрекет етуі керек.

**«Саран қалалық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы» РММ**

# Казахский язык для всех

В целях создания условий для изучения государственного языка открываем рубрику «Казахский язык для всех».

Здесь собраны ситуационные диалоги и фразы, с помощью которых легко справиться со сложностями грамматики: запомнить суффиксы глаголов, окончания существительных.

**№10 сабақ**




| | |
|---|---|
| Добрый день! | Қайырлы күн! |
| Здравствуйте, заходите. Будете делать маникюр? | Сәлеметсіз бе? Кіріңіз. Маникюр жасайсыз ба? |
| Да | Иә |
| Присаживайтесь. Выбирайте цвет | Келіңіз, отырыңыз. Түс таңдаңыз |
| Красный | Қызыл |
| Какой дизайн ногтей хотите ? | Қандай тырнақ дизайнын қалайсыз ? |
| Цветочный | Гүлді |
| Пусть там цветы будут красные. Давайте выберем основной цвет. Какой цвет Вы выберете? | Онда гүлдер қызыл түсті болсын. Басты түсті таңдасақ. Қандай түс таңдайсыз? |
| Давайте покрасим белом цветом | Ақ түспен бояйық |
| Хорошо. Длину оставить? | Жақсы. Ұзындығын қалдырамыз ба? |
| Да | Иә |
| Хорошо. Наверное 3 часа будем делать | Жақсы. 3 сағат жасайтын шығармыз |
| Сколько с меня? | Қанша төлейін? |
| 4000 тенге | 4000 теңге |
| Деньги отправлю на карту | Ақшаны картаға жіберейін |
| Ладно | Жарайды |
| Отправила | Жібердім |
| Поступили, спасибо! | Түсті, Рақмет! |
| Всё закончили. | Болды біттік. |
| Спасибо! | Рақмет! |
| До свидания! Приходите! | Сау болыңыз! Келіп тұрыңыз! |

# Поздравляем!

Январь... Именно с этого месяца начинается отсчет новых страниц в жизни каждого из нас.
Знаем,что они будут яркими и неповторимыми,
ведь в них наша любовь к городу, к родной земле.
Уважаемые январские ветераны! Поздравляем с юбилеем:
Гаммершмидт Надежду Михайловну -75 лет
Баскакову Любовь Викторовну-75 лет
Торчилову Татьяну Дмитриевну-70 лет
Волкову Наталью Ивановну- 70 лет
Ермоленко Анну Станиславовну-70 лет.
И с Днем рождения:
Скачкову Надежду Степановну, Путину Тамару Васильевну, Смелову Нину Владимировну, Ильясову Людмилу Александровну, Владимирову Лилию Николаевну, Ильину Нину Ивановну, Козловскую Валентину Григорьевну, Бровкину Татьяну Акимовну
Пусть ваши сердца всегда будут согреты теплом родных и близких вам людей.

**А.Бактыбаев,**
**руководитель ГУ "Отдел образования" г. Сарани,**
**Н.Скачкова,**
**председатель первичной организации ветеранов образования**
**А. Жамбеисова,**
**председатель профсоюза организаций образования "Білім"**



**Поздравляем дорогую Надежду Степановну Скачкову с Днем рождения!**

От всего сердца желаем крепкого здоровья, уважения и любви близких людей, достатка в жизни, прекрасного настроения, бодрости духа и доброй улыбки на лице. Желаем, чтобы не возраст диктовал вам условия, а Вы - возрасту. Встречайте каждый день с надеждой и наполняйте его счастьем!

**Первичная организация Совета ветеранов образования**



**Поздравляем уважаемую Надежду Михайловну Гаммершмидт с прекрасным 75-летним юбилеем!**

Пусть Ваш день будет полон нежности, любви и доброты! Встречайте его с сиянием глаз родных и близких вам людей, с их теплотой и заботой.
Будьте здоровы и бесконечно любимы!

**Первичная организация Совета ветеранов образования**



**Любимую доченьку Кубаеву Лауру поздравляем с 15-летием!**

Пусть пятнадцать лет чудесных
Будут стартом для побед,
Жизнь пусть будет интересной,
Щедро дарит счастья свет!!

**От папы, мамы и брата**




# ПОДПИСКА


Издается с 20 декабря 1999 года
Саран газеті
ЕЖЕНЕДЕЛЬНАЯ ГОРОДСКАЯ ГАЗЕТА
ТЕМА НОМЕРА
ГЛАВА ГОСУДАРСТВА ПОСЕТИЛ ПАВИЛЬОН КАЗАХСТАНА НА COP29
РЕФОРМЫ В ДЕЙСТВИИ
НА КОНТРОЛЕ РЕАЛИЗАЦИЯ АКТУАЛЬНОГО ПРОЕКТА

**ИНДИВИДУАЛЬНАЯ:**
ГОДОВАЯ - 5830 ТГ.
ПОЛУГОДОВАЯ - 2915 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 1458 ТГ.

**АЛЬТЕРНАТИВНАЯ:**
ГОДОВАЯ - 4000 ТГ.
ПОЛУГОДОВАЯ - 2000 ТГ.
ТРИ МЕСЯЦА - 1000 ТГ.

**ЮРИДИЧЕСКАЯ:**
ГОДОВАЯ - 13794 ТГ.
ПОЛУГОДОВАЯ - 6897 ТГ.

ПОДПИСЫВАЙТЕСЬ В РЕДАКЦИИ ПО УЛ. ЖАМБЫЛА, 69/1 ИЛИ ПО ТЕЛЕФОНУ: +7 775 945 23 23 (WHATSAPP)

**РЕКЛАМА**
**ОБЪЯВЛЕНИЯ**
**ПОЗДРАВЛЕНИЯ**

На LED экране







| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Саран газеті | Директор ТОО «Саран тынысы», главный редактор Б.Е. МАЙПАСОВА | Газета зарегистрирована в Министерстве информации и коммуникаций Республики Казахстан. Свидетельство 16307-Г от 18.01.2017 г. (номер и дата первичной постановки на учет № 869-Г, 16.09.1999 г.) | Собственник: ТОО «Саран тынысы» | Адрес редакции: 101200 г. Сарань, ул. Жамбыла, 69/1 Тел., факс: 5-10-15 sarangazeti@mail.ru | Выходит два раза в неделю, форматом А3 Тираж 774. Распространяется по подписке и в розницу в г. Сарани и пос. Актас | Газета набрана и сверстана в редакции | Отпечатано в ТОО "Типография "Арко" 100009 г. Караганда, ул. Сатпаева,15 Печать офсетная. Заказ № 9 | Опубликованные материалы не всегда отражают точку зрения редакции. Ответственность за достоверность сведений, содержащихся в публикациях и рекламном тексте, несут авторы публикаций и рекламодатели. |